

ӘОЖ 343.2/.7(574)

А.А. СОЦИАЛОВ, Р.А. ОРСАЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада Қазақстан Республикасындағы кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарына қылмыстық жауаптылық мәселелері мен олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін белгілейтін және кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізетін органдар жүйесінің қызметтерін ұйымдастырудың негізін бекітетін нормативтік құқықтық актілер жиынтығын саралай отырып, оның проблемалары қарастырылған.

Түйін сөздер: кәмелетке толмаған, Қылмыстық Кодекс, жасөспірім, қоғам, қылмыс.

**ВОПРОСЫ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА
ПРАВОНАРУШЕНИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ**

В статье рассматриваются вопросы уголовных правонарушений и уголовной ответственности несовершеннолетних в Республике Казахстан, обеспечение защиты их прав, системы, организующей работу с несовершеннолетними, органов, устанавливающих правовой статус несовершеннолетних и нормативные правовые акты. Анализируется совокупность услуг, утверждаются основы и его проблемы.

Ключевые слова: несовершеннолетний, Уголовный Кодекс, подросток, общество, преступление.

**SOME ISSUES REGARDING LEGAL RESPONSIBILITY
FOR JUVENILE CRIMES**

The article consider issues of legal offence and legal responsibilities of minors in the Republic of Kazakhstan. It also involves question on protection of their rights, the system that defines a legal status of minors and normative legal acts. The services in the aggregate and considered, and foundations and problems are defined.

Keywords: minor, legal code, juvenile, society, crime.

Егеменді елімізде кәмелетке жасы толмағандарға қарсы жасалатын кәмелетке жасы толмағандарға қарсы қылмыстардың да, керісінше, кәмелетке жасы толмағандар қолымен жасалатын қылмыстардың да көбеймесе, азаймағандығын көрудеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев кәмелетке жасы толмағандар қолымен жүзеге асатын қылмыстармен күрес мәселесіне көп көңіл бөліп, оның алдын алу жөнінде үнемі құқық қорғау органдарының

қызметкерлеріне нұсқау беріп, оның орындалуын жіті назарда ұстайтыны белгілі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің Ерекше бөлімінің 2-тарауында отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық қарастыратын нормалар жинақталған. Осы тектес қылмыстық құқықтық нормалар үшін жеке тараудың ажыратылуы бұл бағыттағы қылмыстық құқықтық күрестің маңыздылығын көрсетеді. Мұндай жағдай Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне, халықаралық құқық нормалары мен қағидаларына сәйкес келеді деп атауға болады.

2014 жылы жасалған жалпы қылмыстардың ішіндегі кәмелетке толмағандардың үлесі: ересектермен бірлесіп жасаған қылмыстардың саны – 2194, кәмелетке толмағандардың топтасып жасаған қылмыстары 2075-ті құрайды. Бұл көрсеткіштер кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу, ескертудің әлі де болса жеткіліксіз екендігінің айғағы.

Статистикаға сүйенсек, заң бұзып, қылмыс жасаушы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің көбі толық отбасында тәрбиеленбегендер, олардың ішінде 29%-ы – әкесіз тәрбиеленгендер, ал ата-анасының екеуі де қызметте болып, тәрбиеге уақыт болмауы 8%-ды құрайды. Осындай жағдайлардың әсерінен қадағалаусыз қалған жасөспірімдер әртүрлі психологиялық табыссыз факторлардың туындауына, одан әрі құқық бұзушылық әрекеттерге, содан барып қылмыс жасауға орын береді. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының 90%-ы осы қадағалаудың болмауының салдарынан екенін атай кеткен жөн.

Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің қылмыс жасаудағы бірден-бір кең таралған себептерінің бірі алкогольдік және есірткі заттарды қолдану, сонымен қатар жүйкеге әсер ететін заттарды көп қолдану болып келеді. Алкогольдік және есірткі заттарды қолданудың бірден-бір себебі ретінде қызығушылық 52,3%-ды көрсетеді, өзінің рақат сезімі үшін – 19,2%, достарынан қалмау – 10%, ал қалған бөлігі депрессия жағдайында бір нәрсені ұмыту, бір нәрсемен айналысу болып табылады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету олардың құқығын қорғаумен тікелей байланысты. Құқық қорғау дегеніміз – қоғамдық қатынастарға қатысушы ретінде кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін (құқықтары, міндеттері, құқықтары мен міндеттерінің сақталу кепілдігі) белгілейтін және кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізу бойынша органдар жүйесінің қызметтерін ұйымдастырудың негізін бекітетін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы. Құқықтық қорғау кәмелетке толмағандарға қатысты қоғамның барлық саласын қамтиды: тәрбие, білім беру, денсаулық

сақтау, еңбек ету, әлеуметтік қамтамасыз ету, демалыс [5].

Қазіргі уақыттағы кәмелетке толмағандардың ісі бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу маңызды мәселеге айналып отыр. Мұның бірқатар себептері бар, оларға жасөспірімдердің жеке бас сипаттарының күрделенуі сияқты әлеуметтік құбылыспен байланысты болып отырған аталған жас категориясына жататын тұлғалардың қылмысы туралы істер бойынша барлық міндеттерді дұрыс орындау үшін құқық қорғаушы органдар тарапынан көбірек күш салу қажеттілігін де жатқызу қажет.

Қоғамда әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ірі көлемді және жылдам процестері жүріп жатқан қазіргі уақытта, әсіресе дүниетанымы әлі толық қалыптаспаған, құндылықтар жүйесі тұрақсыз жастар үшін қиын болып отыр. Жасөспірімнің адамгершілік пен құқық туралы түсінігі оның жас ерекшелігіне байланысты вербалдық деңгейде – ол жете түсінуге, оның мінез-құлқының автоматты реттегішіне айналуға жеткен жоқ. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептер мен шарттарды жою тұрғысында өте күшейтілуі тиіс. Өйткені қылмыс дегеніміз – әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы – өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

Жасөспірімдер қылмысымен күрес біздің қоғамдағы қылмыспен күрес міндеттерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қылмыстың алдын алу, оған жібермеу, ескерту жөніндегі шаралардың одан әрі күшейтілумен қатар, бұл міндеттің орындалуы әрбір жасалған қылмыс үшін әділ жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз етуді де қамтиды.

Кәмелетке толмағандар ісін жүргізу тәртібі, кәмелетке толмағандардың жас және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты осы категориядағы істерді жүргізудің өзгешілігі мәселелерін Кеңестік кезеңнің өзінде Г.М. Миньковский, К.К. Сперанский, В. Рыбальская, Л. Голубева, А. Лиеде, т.б. ғалым-заңгерлер зерттеді. Бұл мәселелермен Қазақстанда К. Бегалиев, С.А. Шапинова және басқа ғалымдар айналысты, негізінен олардың жұмыстарында жасөспірімдер қылмыстылығымен күрес проблемаларын зерттеуге, оның алдын алуға, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі мен оларды жазалау мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Қазіргі уақытта мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер салдарынан туындаған жасөспірімдер қылмыстылығының жоғары деңгейге жетуі панасыз балалар санының өсуі мәселелері көкейтесті мәнге ие болып отыр, мұндай өткір сұрақтар бұқаралық ақпарат құралдарында талқылануда [2].

Жаңа қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы жеке дараланған, арнаулы бөлімде көрсетілген. Бұл дегеніміз

мемлекеттің әділеттілік және ізгілік принциптерін басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандардың жас жағынан және ақыл-ойы жөнінен толық жетілмегендігін ескере отырып, оларды арнаулы қамқорлыққа алуының көрінісі болып табылады. Осыған орай қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға ересектермен бірдей талап қоймайды. Кәмелетке толмағандардың психологиясын ескере отырып, оған қылмыстық жауаптылықтың ерекше жағдайларын белгілеу қылмыстық жазаның мақсаттарына жетудің бірден-бір оңтайлы жолы болып табылады. Сондықтан да кәмелетке жасы толмағандарға қылмыстық заң жаза болып табылмайтын тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдануды белгілеген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 80-бабының 1-ші тармағына сәйкес, кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Яғни қылмыстық жауаптылыққа тартылатын ең төменгі жас – он төртке толу. Ресейдің, Австрияның, Германияның, Жапонияның қылмыстық заңдарында да осылай көрсетілген. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы Францияның қылмыстық кодесінде – 13, Нидерландия, Португалия – 12, Жаңа Зеландияда – 10, Ирландия құқығында 7 жас деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі бойынша он төртке толмаған адамдар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Он төртке толмаған жасөспірімдер өзінің істеген іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігінің мәңін жете түсінбейді және өзінің іс-әрекетін басқара алмайды.

Егер кәмелетке толмаған адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде көзделген жасқа толса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің, әрекетсіздігінің іс жүзінде сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемде түсіне алмаса, не оған не бола алмаса қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиісті емес.

Егер кәмелетке толмаған адамның (14-16 жас) есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуы оларды қылмыстық жауаптылықтан босатпайды, бірақ бұл мән-жайды сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде ескереді және ол қылмыстық заңда көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз болады.

Қылмыс жасаған кезде он сегізге толған адам кәмелетке толмаған деген «атаққа» не бола алмайды. Бірақ та ҚК-нің 87-бабының талабына сәйкес он сегіз бен жиырма жас аралығындағы қылмыс жасаған адамдарға жасаған әрекетінің сипатын және жеке басын ескере отырып, сот ерекше жағдайларда оларға кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы тәрбие немесе емдеу, тәрбиелеу мекемесіне орналастыруды қоспағанда осы бөлімнің ережелерін қолдана алады. Мұндай ретте қоғамға қауіпті істелген іс-әрекеттің мәні 18 бен 20 жас

аралығындағы адамның жас мөлшеріне байланысты және психикалық жете дамымауынан болу қажет [1].

Қылмыс жасаған жасөспірімдер ісі жөніндегі комиссия мен полиция орындарында тәрбиені дұрыс жүргізбейтін жанұяны дер кезінде анықтап, тәртіпке шақырмаушылық көптеп кездесіп жатыр. Қылмысқа барған жасөспірімдерді қайта тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда психологтер жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін ескере білулері қажет. Себебі, қандай да бір психолог ықпалдар жасамасын, олар жасөспірімнің ішкі жан дүниесімен сабақтасып жатуы тиіс. Қылмысқа барған жасөспірімдердің қылмыс жасаулары, көбінесе олардың ересектерге еліктеуімен анықталады да, жалпы қылмыстың өсіп отырғанын осымен байланыстырамыз.

Қылмыстық әрекеттің басты себебі – жасөспірімнің пайдалы іспен айналыспауы десек, жоғарғыда айтып кеткендей, оның бос сандалыстан көп өкінішті жағдайларға ұрындырып жататыны айтпаса да түсінікті.

Ішкі қажеттілік бойынша психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған жасөспірімдерді мынадай 4 топқа бөлуге болады: 1) тентек немесе ерке жасөспірімдер; 2) отбасы тарапынан шеттетіліп, көзтүрткі көрген жасөспірімдер; 3) қараусыз қалған жасөспірімдер; 4) жат әрекеттердің тұрақты ықпалындағы және ересектердің құқыққа қарсы талаптарының әсеріндегі жасөспірімдер.

Қылмысқа бару себептеріне, яғни көбіне әу баста дұрыс бағыт-бағдар болмауы, көргені мен естігендеріне еліктеуі мен қылмыс әлеміне бейім болуы жатады. Сонымен қоса отбасының бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктің төмендеуінен, көп жағдайда ата-ана, тіпті заңды айтпағанда, қарапайым өзінің баласы алдындағы ата-аналық, моральдық жауапкершіліктерінің бар екендігін ұмытып, артынан опық жеп жататындары қаншама. Тағы бір себеп, ол ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың жоқтығы, тіптен осы ұғым кейбір ата-аналар үшін өзара келіспеушілікке, жауапсыздыққа әкеліп соғатыны аз емес. Осы орайда, бала тәрбиесіне немқұрайды, жауапсыздық танытқан ата-аналарға мектеп тарапынан қолданыстағы заң күшін қолдану көп жағдайда жеткіліксіз, өз деңгейінде болмауы салдарынан жекелеген жасөспірімдер бақылаудан шығып, жүгенсіздікті сезініп, қылмысқа қалай баратындығын білмей жататыны да аз емес. Сондықтан да, ең бастысы отбасындағы, білім ошақтардағы тәрбиені дұрыс жолға қойған орынды. Мектеп қабырғасынан кетіп қалған, оқуда не жұмыста жоқ жасөспірімдер мен жастар және бұрын сотты болғандарды қылмысқа бой ұрғызбау үшін олардың бос уақыттарын қоғамға да, өзіне де пайдалы өткізуін ойластырса, жұмыспен қамтамасыз етілуін ескеріп қана қоймай, құзырлы мекемелер шешіп отырса, дұрыс болар еді.

Кәмелетке толмағандардың жеке тұлғасының қалыптасуында маңызды рөл

атқаратын, белгілі бір жағдайларда қылмыс жасауға апаратын криминогендік жағдайларды атап өткен жөн. Отбасындағы келеңсіз әсерлер: отбасылық тәрбиедегі кемшіліктер көптеген жағдайда жеке тұлғаның кері қалыптасып, кейін нақты жасөспірімдердің қылмыстық жолға түсуіне әсер етеді. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының 30-40%-ы ата-аналардың және отбасындағы үлкендердің келеңсіз әсерінен болатындығы анықталған; ата-аналардың дағдарыс жағдайында (уақытша және созылмалы) балаларының қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігінің болмауы: бұндай отбасында үмітсіздік, әлеуметтік көре алмаушылық, ауыр материалдық жағдайға ызалану туындайды. Әлеуметтік көмектің болмауына байланысты бұл жағдайлар қылмыстың ниетін, пайдақорлық қылмыстарын, ұрлық, бұзақылық және тағы басқаны туындатады. Жасөспірімнің мінез-құлқына кері әсер ету қылмыстық әрекеттердің жол берілетіндігі және жазаланбайтындығы туралы дұрыс емес көзқарас қалыптасуынан болады. Ересек қылмыскерлердің жағынан айдап салу: бұл алдын ала ішімдікке, құмар ойындарына, қылмысқа дейінгі қоғамға жат мінез-құлықтың өзге де түрлеріне тартумен байланысты. Оқуды тастап кеткен кәмелетке толмағандардың ұзақ уақыт бойы белгілі бір шұғылданатын істерінің болмауы: кездейсоқ қылмыстарға баруына не қылмыстық топқа еніп кетуге ықпал ететін қоғамға жат көзқарастар мен әдеттердің пайда болуына жағдай туғызады. Біздің қоғамда құндылықтарға жатпайтын іс-әрекеттердің жастардың ортасында үйреншікті нәрсеге айналады (күшке табынушылық, қаталдық, есірткі заттарына салыну және сол сияқты).

Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту деп 18-ге толмағандарды қылмыстың тікелей орындаушысы немесе өзге де көмектесушісі болуға жігерлендіруге, ынтасын, шешімін қоздыруға бағытталған іс-әрекеттерді айтамыз. Қылмыстық іске тартудың әдісі заңда тікелей көрсетілмеген, бірақ ол әртүрлі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әрекет көбінесе психикалық әдістерді қолдану арқылы (қорқыту, уәде беру, алдау) немесе басқа да тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Кәмелетке толмаған адамдарды үрейлендіру немесе оларды басқа бір қолайсыз жағдайларға қалдыратын әрекеттер жасаймын деген әрекеттер арқылы, олардың психикалық санасына әсер етулер қорқыту деп табылады. Қорқыту ауызша, жазбаша, телефон арқылы, дене қимылын көрсету арқылы жүзеге асырылуы мүмкін және мұндай қорқытулар жәбірленушінің тікелей өзіне немесе оның таныс адамдарына білдірілуі хақ [4].

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекеттерге немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту туралы істерді тергеген және қараған кезде бұл қылмыстардың тек қасақана жасалатынын ескеру қажет.

Мұндайда қылмыстық жауаптылық, егер айыпты адам осындай қылмысқа тартылған адамның кәмелетке толмағанын анық білген жағдайда ғана туындайтынын басшылыққа алу қажет.

Кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту деп қылмысқа тартушы адамның кәмелетке толмағанның қылмысқа қатысуға ынтасын (ниетін, ұмтылысын) және дайындығын қалыптастыру жөніндегі мақсатты әрекеттерін тану қажет. Мұндайда ересек адамның әрекеттері белсенді болуы тиіс және психикалық немесе денесіне зиян келтірумен (ұру, көндіру, қауіп туғызу және қорқыту, ақша беру, алдау, кек алу, қызғану және өзге де ұждансыз сезімін қоздыру, жауапсыздыққа сендіріп, қылмысты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және тағы басқа) ұштасуы мүмкін.

Тергеу органдары және соттар кәмелетке толмағанды қылмыстық немесе өзге қоғамға қарсы әрекеттерге тарту мақсатында ересектердің қандай нақты әрекеттер жасағанын көрсетуге міндетті.

Ересек адамның кәмелетке толмағанға психикалық немесе денесіне зиян келтірмей, қылмыс жасау туралы өздігінен жай ұсыныс айтуы кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту болып табылмайды.

Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі (қолданыстағы редакциясы).
2. Сиськов В. Преступность несовершеннолетних: причины и следствия / В. Сиськов. – Фемида. – №2. – 1995. – С. 59.
3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық / А.Н. Ағыбаев. – Алматы, 2001. – 27 б.
4. Орсаяева Р.А. Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылығын ескертуде отбасының алатын орны (қылмыстық-құқықтық және кримнологиялық сипаттама) / Р.А. Орсаяева. – Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. – Астана, 2015. – №2 (38). – Б. 66.
5. <http://www.juvenecourt.kz/>

REFERENCES

1. *Kazakhstan Respublikasynyn Qylmystyq Kodeksi, qoldanystaqy redakciyası (in Russ).*
2. Siskov V., *Prestupnost' nesovershennoletnih, prichiny i sledstviya. Phemida, 2, 1995, 59 (in Russ).*
3. Aqybaeva A.N., *Qylmystyq quqyq. Almaty, 2001, 27 (in Kaz).*
4. Orsaeva R.A., *Kameletke zhasy tolmagandardyn quqyq buzushylyqyn eskertude otbasynyn alatyn orny, qylmystyq quqyqytyq zhane kriminologiyalyq sipatama, Kazakhstan Respublikasy Zannama Institutynyn Zharshysy. Qylymi quqyqytyq zhurnal. Astana, 2015, 2, 38,*